

11-тақырып «Сауда орталықтарында»

Киім дүкенінде

Маған әжеме сыйлық алу керек болды. Сыйлыққа бір жақсы киім алғым келді. Киім таңдауға киім дүкеніне бардым.

Сатушы мені жақсы қарсы алды, қандай киім керегін сұрады. Мен не алғым келетінімді шешпегенімді, дүкендегі киімдерді көріп шығып, ұнағанымды алатынымды айттым. Сатушы ол ойыммен келісіп, дүкенді аралатты.

Дүкен өте үлкен, бөлімдері де көп үлкен. Мен әйелдерге арналған бөлімді көрсетуді өтіндім. Сатушы мені әйелдерге арналған киімдер бөліміне апарды. Бұл бөлім дүкеннің жартысын алады екен. Онда қысқы киім, жазғы киім, аяқ киімдер, алтын, күміс заттар сияқты бөлімдері бар екен. Мен бәрін аралап шықтым. Дүкенде киімнің барлық түрі бар екен, көйлек, қамзол, шапан, тон, пальто, бас киімдер, аяқ киімдер, шәлі, орамалдар т.б. Олардың барлығын көрдім.

Сатушыға маған бұл киімдерден бір әдемі қымбат тонның және өте әдемі жүзіктің ұнағанын айттым. Сатушы оларды дайындады, мен ақшасын төледім. Заттарды алып, сатушыға рақмет айттым. Мен сыйлығымның әжеме ұнауын тіледім.

Мәтінмен жұмыс:

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, аударыңыз.

2-тапсырма. Мәтін бойынша жай жоспар құрыңыз.

3-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтінді басшылыққа ала отырып, сатушы мен сатып алушы арасында сұхбат құраңыз.

4-тапсырма. Мәтінде болған жағдайдың дұрыс немесе бұрыстығын анықтаңыз.

	Дұрыс +	Бұрыс -
Әжесіне сыйлық алуға азық-түлік дүкеніне келді.		
Сатушы дұрыс қарсы алды.		
Сатушы оның ойымен келіспеді.		
Сатушыға әйелдерге арналған бөлімді көрсетуді өтінді.		
Дүкенде ол қалайтын киімнің барлық түрі болмады.		
Сатушыға әдемі арзан тон мен жүзік ұнады.		
Мен сыйлықты сатып алдым		
Сыйлық әжеме ұнады		

